

«№5 «Аққу» бөбекжай-бақшасы» КМҚК

Білім беру саласы: «Таным»

ҰОҚ: Математика негіздері

Тақырыбы: Есептік және реттік санау. Заттың саны мен цифрды сәйкестендіру.

Өткізген:Зулхарова А.Б.

Ересек «Тұлпар» тобының тәрбиешісі

Атырау-2022ж.

Білім беру саласы: «Таным»

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Математика негіздері

Тақырыбы: «Есептік және реттік санау. Заттың саны мен цифрды сәйкестендіру».

Мақсаты: Реттік санау туралы білімдерін бекіту; геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту. Математикалық жұмбақтарды шешуді үйрету, цифрды заттың санымен сәйкестендіруге үйрету шеңбер, шаршы, үшбұрыш геометриялық пішіндері туралы өткенді пысықтау;

Қажетті көрнекі құралдар: Сандар карточкасы, ойындарға берілген суреттер.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің жүру барысы:

Қимылдық ойын: «Қояндар мен қасқыр»

Ұйымдастыру кезеңі:

Сандық қатармен жұмыс жасау.

Тәрбиеші: 1-ден 5-ке дейінгі цифрларды ретімен орналастып санау және кері санауды сұрайды.

1-тапсырма: Суретпен жұмыс.

Тәрбиеші:

-Бөшкеде неше бақа бар? - Ал бес бөшкеде неше бақа болады? Бес бөшкеде неше бақа болса, сонша дөңгелекті орналастыр. Балаларға тапсырма беріледі.

Тәрбиеші: Кәне, балалар, неше дөңгелек орналастырдыңдар?

2-тапсырма. Жұмбақ жасыру.

Тәрбиеші:

Тақия толған сөк,

Күндіз тұрсам жоқ.

Бала жауабы: (Жұлдыз)

1-ден 5-ке дейінгі цифрларды түзу сызық арқылы рет-ретімен қосу.

Не пайда болды? (Жұлдыз)

Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар!

Сергіту сәті.

1,2,3,4

Жиналамыз бәріміз,

1,2,3,4

Секіреміз бәріміз,

1,2,3,4

Отырамыз бәріміз.

3-тапсырма. Тақтамен жұмыс «Біреуі артық болатындай дөңгелектің суретін орналастыру»

(Тәрбиеші балаларға сұрақ қояды және тапсырма береді)

-Суретте неше орамжапырақ бар?

-Сәбіз нешеу?

-Ал алма ше?

-Неше шиенің суретін көріп тұрсындар?

-Оң жаққа дөңгелекті орналастырамыз

Сол жақтағы суретте неше жеміс пен көкөніс болса, оң жақтағы дөңгелектің саны содан біреуге артық болуы тиіс.

4-тапсырма. Дидактикалық ойын «Пішіндерге ұқсас затты тап»

(Тәрбиеші балаларға сұрақ қояды және тапсырма береді)

-Қандай геометриялық пішіндер бейнеленген?

-Бұл геометриялық пішіндер қандай заттарға ұқсайды?

-Ұқсас заттарды орналастырамыз.

Тәрбиеші: Жарайсындар балалар!

Қорытынды:

-Балалар, еске түсіріндерші, бес бақаға неше бөшке қажет болды?

-1, 2, 3, 4, 5 цифрлары нені білдіреді?

Оқу қызметінде жақсы қатынасқан балаларды мадақтау.